



«Нұра жалпы білім беретін мектебінің» жанынан құралған

«Айгөлек»шағын орталығы

Бекітемін:

Мектеп директоры Д.И.Мусин

2021 – 2022 оқу жылының «Айгөлек » шағын орталығының

жылдық жұмыс жоспары

Тәрбиешісі :Г.М.Ашпирбекова

Мақсаты: Ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру, өмірлік оң көзқарастарға тәрбиелеу.

Міндеттері: балалардың тәрбиеші әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу;

- баланың қызығушылығын туғызу;
- баланың белсенділігін арттыру;

оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру

Күтілетін нәтиже:

1.Тәрбиеленуші балалардың сөйлеу және сөздік қорын дамыту.

2.Жыл бойы өздік білімін көтеру,жан-жақты дамыту

Нұра жалпы білім беретін мектебінің 2021 – 2022 оқу жылының «Айгөлек» шағын орталығының жылдық жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Балаларды тізімі бойынша қабылдау және құжаттарын реттеу	Қыркүйек	Г.М.Аширбекова
2	Жылдық жұмыс жоспары бойынша жұмыс	Қыркүйек	Г.М.Аширбекова
3	Шағын орталықта балалардың қатысуы және күнделікті қатысу есебі бойынша құжаттарды жүргізу	Үнемі	Г.М.Аширбекова
4	Ертегі әлеміне саяхат «Жақсылық пен жамандықты» талдау, сипаттау	қазан	Г.М.Аширбекова Н.Алибекова
5	Балалардың ортаға бейімделуі Іс-қимылын бақылау	Қыркүйек	
Г.6	Балаларды тізімі бойынша қабылдау және құжаттарын реттеу	Қыркүйек	Г.М.Аширбекова Н.Алибекова
7	Ата – аналармен кездесу	Ай сайын	Г.М.Аширбекова
8	Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту бойынша жұмыстардың ұйымдастырылуы (ЖСР және тұмау профилактикасы бойынша шаралардың өткізілуі, мониторинг нәтижесі есеп)	Қазан	Г.М.Аширбекова Н.Алибекова
9	«Күзгі бал» көрінісіне саяхаттау сабағы	Қазан	Г.М.Аширбекова Н.Алибекова
10	«Мен және Жанұям » тәрбие сағаты	Қараша	Г.М.Аширбекова

11	Балалармен жаңа жылдық ертеңгіліктерді өткізу. «Келді міне Жаңа жыл»	желтоқсан	Г.М.Аширбекова Н.Алибекова Ж.А.Баданова
12	Оқу – тәрбие үрдісінде шағын орталықтың жұмысының ерекшелігі	Әр ай сайын	Г.М.Аширбекова Н.Алибекова
13	«Тәуелсіздік - тұғырым» аясында әдеби монтаж	желтоқсан	Г.М.Аширбекова
14	Материалды – техникалық базаны нығайту. Түгелдеу нәтижесі	Жыл бойы	Г.М.Аширбекова Директордың шаруашылық меңгерушісі
15	Қоршаған орта мен байланыс	Үнемі	Г.М.Аширбекова Н.Алибекова
16	Балалар шығармашылығы мен қабілеттерін бақылау	Үнемі	Г.М.Аширбекова Н.Алибекова Ж.А.Баданова
17	Шағын орталықтың жұмыс түрлері	Үнемі	Г.М.Аширбекова Н.Алибекова
18	«Ана өмір шуағы» халықаралық әйелдер күніне арналған әдеби монтаж	Наурыз	Г.М.Аширбекова Н.Алибекова
19	Танымдық, сюжеттік, рөлдік ойындар	Үнемі	Г.М.Аширбекова Н.Алибекова
20	Армысын «Әз Наурыз» мерекелік іс-шара	Наурыз	Г.М.Аширбекова Н.Алибекова Ж.А.Баданова
21	Эмоционалды сферасы.Балалардың эмоцияналдық қабілеттерін бақылау.	Үнемі	Г.М.Аширбекова Ж.А.Баданова
22	Психологиялық зерттеу нәтижелерін таныстыру	Үнемі	Г.М.Аширбекова Ж.А.Баданова

	Сауықтандыру ойын түрінде жаттықтандыру		
23	Жылдық жұмысының нәтижесін қорытындылау	Мамыр	Г.М.Аширбекова Ж.А.Баданова

Тәрбиеші : Г.М.Аширбекова

**Нұра жалпы білім беретін мектебінің жанынан құралған «Айгөлек» шағын орталығының
2020-2021 оқу жылының жылдық есеп қортындысы**

«Айгөлек» шағын орталығы жылдан бері жұмыс жасап келеді.

Мекеме 25 балаға есептелген. Балабақша ғимараты типтік, «» мектебіне қарасты жарты күндік шағын орталық.

Жұмыс кестесі: бес күндік жұмыс аптасы 9.00-ден 12.00-ге дейін; сенбі, жексенбі-демалыс. Аралас 3-5 жас аралығындағы балалар тәрбиеленеді.

Мақсаты: мектепке дейінгі баланың жан – жақты дамуы үшін бірыңғай білім беру кеңістігінде педагог, ата — аналар – педагогтарының өзара тиімді қарым-қатынасын қамтамасыз ету. 2020-2021 оқу жылына арналған басым міндеттер

1. Балалардың танымдық белсенділігін, қызығушылығын дамыту , жобалау және эксперименттеу әдісін іске асыру арқылы экологиялық білімді кеңейту
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін театрландырылған іс-әрекет және драматургия арқылы дамыту.

Мемлекеттік стандартқа сай мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып, бес сала бойынша жылдық жоспар құрылды.

Білім беру салалары: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Әлеуметтік орта», «Шығармашылық»,

«Қатынас» білім беру саласы бойынша жалпы балабақша I деңгей-4 бала, II деңгей-15 бала, III деңгей-6 бала бойынша көрсеткіш көрсетті.

«Қатынас» білім беру саласының мақсаты: баланың коммуникативті қабілеттерін, байланыстыра сөйлеуін, тілдік қорын дамыту, көркем әдебиет, мемлекеттік және ана тілін үйренуге, ересектермен және құрдастарымен қарым – қатынас жасауға талпынысы бар мектепке дейінгі кіші жастағы бала тұлғасын дамыту. Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті: Сөйлеуді дамыту. Сөйлеуді дамыту оқу іс – әрекетінде. Көркем әдебиет оқу іс – әрекеті бойынша халық ауыз әдебиеті мен балалар көркем әдебиеті шығармаларына эмоционалдық ықыластылығын дамыту. Балаларға ертегі оқып бере отырып, кейіпкерлердің өзара қарым – қатынасын бағалай білуді, тақпақ пен әндерді мәтінімен орындай білуді, үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы, отбасы туралы, жыл мезгілдері туралы әңгімелей білуді үйренді. осының нәтижесінде балалардың көркем әдебиет оқу іс – әрекетіне қызығушылығы артып, зейін қойып тыңдай біледі Түзінгенін еркін айта алады. Ертегі тыңдағанды жақсы көреді, кейіпкерлерін сахналай алады. Өз ойларын анық әрі ашық айта алады

Балаларға ертегі, өлеңдер, мысалдар, әңгімелер оқып беру арқылы, балалар толық мағлұмат алды. Осының нәтижесінде балалар ертегіні мұқият тыңдап, сахналай алады. Мақал – мәтел, жаңылтпаштар, жыл мезгіліне, үй жануарларына және жабайы жануарларға, құстарға, отбасы, ойыншықтар, әр түрлі мерекеге байланысты тақпақ, өлеңдер жаттау арқылы, балалар өз ойларын ашық айта алады. Балалардың тілі, тілдік қоры дамиды. Төрт жолдан тұратын өлең шумақтарын жатқа айта алады.

Тәрбиешінің жетекші сұрақтарына жауап бере отырып, тақтадағы суретке қарап әңгіме құрастырып айта алады. Бір – бірімен жақсы қарым – қатынаста. Достарына көмектесуге әзір тұрады.

«Таным» білім беру саласы бойынша жалпы балабақша I деңгей-6 бала, II деңгей-16 бала, III деңгей-4 бала бойынша көрсеткіш көрсетті.

«Таным» білім беру саласының мақсаты: қоршаған әлем жайлы қарапайым

Түсініктер мен танымдық іс – әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген, игерген дағдыларын күнделікті қолдануға қабілетті, қарапайым құрастыру дағдыларын үйрету. Қағаз бен құрылыс материалдарынан тиімді жұмыс жасауды, балалар өз қиялдарымен түрлі тақырыптарда конструкторлармен құрастыруларды, оларды сюжет мазмұнына қарай біріктіруді, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуді, құрастыру материалдарымен еркін, ұқыпты жұмыс жасай білетін, мектепке дейінгі тұлғасын қалыптастыру.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті: Математика негіздері, құрастыру оқу

іс – әрекетінде 1 ден 10 ке дейін санауды, оң және кері санауды,

жоғары – төмен, биік – аласа, ұзын – қысқа, оң және солын, көлем, геометриялық фигураларды (үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, шаршы, сопақша) бір – бірінен ажыратып біледі. Жыл мезгілін, 1 жылда 4 жыл мезгілі бар, ал 4 жыл мезгілінде 12 ай, 1 жыл мезгілінде 3 ай бар, 1 тәулікте 4 мезгіл бар (таңертең, түс, кеш, түн) осы мезгілдерді ажырата алады. 1 аптада 7 күн бар (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі) білімдерін жетілдірді. Осының нәтижесінде сандарды салыстыруды, оң және сол жақты, ауқытты бағдарлауды, жыл мезгілдерін бір – бірінен ажырата алуды, геометриялық фигураларды салыстыра отырып, айырмашылығын ажырата алады. Қызыл, жасыл, ақ, қоңыр, көк, сары, күлгін, қара, сарғыш түстерді біледі.

Құрастыру оқу іс – әрекеті бойынша балаларға қарапайым құрастыру дағдыларын, қағаз бен құрылыс материалдарынан қуыршаққа арналған жол, жаяу жүргіншілер мен көліктерге арналған жол, биік – аласа қақпалар, көп қабатты және бір қабатты үйлер, көпір, аққала, жануарларға арналған қоралар, т.б сол сияқты құрастыруларды құрастырып үйретудің нәтижесінде, балалар өз қиялдарымен түрлі құрастыруларды орындап, оларды сюжет мазмұны бойынша ұйқастырып, біріктіруді, жасаған жұмысын аяғына дейін жеткізуді, ұқыпты, таза жұмыс жасай білуді үйренді. Балалар құрастыру материалдарымен еркін жұмыс жасай алады. Балалардың ұсақ қол моторикасы дамиды.

«Әлеумет» білім беру саласы бойынша жалпы балабақша I деңгей-5 бала, II деңгей-10 бала, III деңгей-5 бала бойынша көрсеткіш көрсетті.

«Әлеумет» білім беру саласының мақсаты: қарапайым әдептілік ережелерінің негізінде қоршаған ортамен қарым – қатынас пен өзара әрекетке қатысуға, баланың әлеуметтік тәжірибесін кеңейту, оны қоғамдық қатынас жүйесіне қосу, ертегілерді түсіне отырып; сахналай білу дағдысын, өлеңді, тақпақта мазмұнына сәйкес мәнерлеп айта білу, еңбек дағдыларын қалыптастыруға дайын мектепке дейінгі кіші жастағы бала тұлғасын дамыту.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті: өзін-өзі тану, экология/қоршаған ортамен таныстыру. Экология оқу іс – әрекеті бойынша табиғатпен, өлі және тірі табиғатпен, үй жануарлары мен жабайы жануарларды, өсімдіктер мен құстар, жемістер мен көкөністер, ауа – райының түрлі құбылыстарымен, өзгерістерімен, адамдардың төрт жыл мезгіліндегі еңбегімен, киімдер, түрлі тұрмыстық заттармен танысып, түсінік алды. Осының нәтижесінде балалар экологияға қызығушылығы артып, табиғатты аялай білуге, суреттегі әртүрлі сюжеттерге әңгіме құра алады. Байланыстырып сөйлей алады. Бөлме өсімдіктері мен дала өсімдіктерін ажырата отырып табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктеріне күтім жасағанды жақсы көреді. Ағаштардың әр жыл мезгілі кезінде өзгеріске ұшырайтынын, ауа – райын бақылағанды ұнатады.

Қоршаған ортамен таныстыру оқу іс – әрекеті бойынша балаларға табиғат және табиғат құбылыстары мен өзгерістері туралы, қоршаған орта туралы, жыл мезгілдері, жануарлар мен құстар әлемі туралы, жемістер мен көкөністер, балалабақша, онда жұмыс жасап жатқан адамдар туралы, әр түрлі мамандық иесі туралы, топтағы тәрбиеші апайларының есімін атап білуді, қарапайым мәдени гигиеналық шараларды, серуен кезінде қоршаған ортадағы өзгерістерді бақылауды үйренді. Осының нәтижесінде балалар жемістер мен көкөністерді ажырата алады, жылдың төрт мезгілін біледі, құстар мен жануарларды, өлі және тірі табиғатқа не жататынын, түрлі ауа – райы құбылыстарын, өздері келіп жүрген балабақша және тобының атауын атап, тәрбиеші апайларды аты мен

тегін айтуды, қоршаған ортада өзін – өзі дұрыс ұстау қабілеттері мен қарым қатынасын, әлеуметтік мәдени негіздерді, қоршаған орта туралы түсініктері қалыптасты.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша жалпы балабақша I деңгей-5 бала, II деңгей-11 бала, III деңгей-8 бала бойынша көрсеткіш көрсетті.

«Шығармашылық» білім беру саласының мақсаты: балалардың шығармашылықтары арқылы көркемдік қабілеттерін, бір – бірімен жақсы қарым – қатынаста болуға, ұжымдық жұмысты бірігіп жасай білуге, балалардың дүниеге эстетикалық көзқарасын дамыту.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті: сурет салу, жапсыру/мүсіндеу.

Балаларға қарындаш пен қылқаламды дұрыс ұстай білуге, әр түрлі сызықтар сызуға, бейнелерді гуаш бояуымен, акварель бояуымен біркелкі бояуды, көрнекілікте берілген бейнені сала білуді үйренді. Нәтижесінде балалар суретті еркін сала алады. Дайын қиындыларды ақ бетті қағазға жапсыра алады. Желімді тиімді пайдалана алады. Ермексаздан әр түрлі бейнелерді, жануарлар сұлбасын, т.б берілген бейнелерді мүсіндей алады. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру оқу іс – әрекетін жетекші маман жүргізеді. Қауіпсіздік ережесін сақтайды. Әр оқу іс – әрекеті кезінде ескертіліп отырады.

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша жалпы балабақша I деңгей-6 бала, II деңгей-10 бала, III деңгей-5 бала бойынша көрсеткіш көрсетті.

«Денсаулық» білім беру саласының мақсаты: салауатты өмір салтын қалыптастыру, бала ағзасын жетілдіру, балалардың дене бітімін, қимыл қозғалысын дамыту. Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті: дене шынықтыру. Дене шынықтыру оқу іс – әрекеті бойынша жәй жүру, жүгіру, әртүрлі биіктікте, әртүрлі бағытқа секіруді,

ұлттық ойындар, спорттық ойындар, қимыл қозғалыс ойындарын үйренді. Осының нәтижесінде балалар негізгі және жалпы дамыту жаттығуларын еркін жасай алады.

Ұлттық ойындар мен қимыл қозғалыс ойындарын шарты бойынша ойнай алады.

«Дені саудың жаны сау» — дегендей балалардың денсаулығын сақтау жолында күнделікті таңертеңгілік жаттығулар жүргізіліп отырады. «Шынықсаң шымыр боларсың» — дей отыра ата – аналар мен балалар арасында эстафеталық, спорттық сайыстар өткізіліп отырады. Күннің ІІ – ші жартысында балалармен дидактикалық ойын, қимыл қозғалыс ойыны, ұлттық ойындар, сюжетті рөлді ойындар, жеке жұмыстар жүргізіледі. Осының нәтижесінде балалар д/о: «Түстерді ата», «Көкөністер мен жемістер», «Ойыншықтарды орналастыр», «Пішіндерді ата», «Төлдерін тап» т.б осы сияқты ойындарды шарты бойынша еркін ойнай алады.

Қ.қ.о: «Поезд», «Ақ серек көк серек», «Түлкі мен балапандар», «Ақ қоян», «Маған қарай жүгіріндер», «Кеглиді құлат» т.б ойындарды ойнай алады.

С.р.о: «Шаштараз», «Дүкенші», «Отбасы», «Дәрігер» т.б ойындарды еркін меңгерген..

1. Қыркүйек айында топта «Алтын куз» атты ертеңгілігі өз деңгейінде өтті.
2. Ата- аналармен бірлесе отырып «Күз көрмесі» өткізілді.
3. «Салем саған Жаңа жыл» атты мерекелік ертеңгілі өткізілді.
4. Наурыз айында «Қош келдің, Өз Наурыз» атты ертеңгілік те өтті

Тағы жыл бойы жыл басында құрылған жоспар бойынша ашық сабақтар да өтіп тұрды. Пони халықаралық байқауына қатысып ,тәрбиеленушілер сертификат алды.Жыл бойы баспасөз басылымдарына жазылып отырмын.Ауданнан келген апталықтарды да назардан тыс қалдырмай ,жоспар бойынша сабақтар өткізіп,есебін ауданға жіберіп отырдым.